

"КОСКОМ" Мемлекеттік акционерлік аэроғарыш компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 27 қаңтардағы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.01.12. N 2031 Жарлығымен. ~U952031

"Байқоңыр" ғарыш айлағының инфрақұрылымы ғимараттары мен кәсіпорындарының негізінде зымыран мен ғарыш техникасын дамытудағы мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруда Қазақстан Республикасының мүдделерін басшылыққа алып қаулы етемін:

1. "КОСКОМ" корпорациясының, сондай-ақ "Байқоңыр" ғарыш айлағының Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын кәсіпорындары мен ғимараттарының негізінде "КОСКОМ" Мемлекеттік акционерлік аэроғарыш компаниясы құрылсын.

"КОСКОМ" Мемлекеттік акционерлік аэроғарыш компаниясына аэроғарыш техникасын жасау жобаларын әзірлеу және оларды "Байқоңыр" ғарыш айлағының негізгі объектілерін тиімді және ұтымды пайдалану жолымен жүзеге асыру, сондай-ақ мүліктік шаруашылық қатынастарды реттеу, РС-20 құрлықаралық баллистикалық зымыранның негізінде қазақстандық алып ұшушы зымыран жасау іске асыру жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігімен бірлесіп бір ай мерзімде Қазақстан Республикасындағы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес компанияның құрылтайшы құжаттарының пакетін әзірлейтін болсын.

3. "КОСКОМ" Мемлекеттік акционерлік аэроғарыш компаниясының

президенті мен Бас конструкторын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті ұйымдық шаралар атқарсын.

5. Мемлекеттік басқару органдары мен әкімдер "КОСКОМ"

Мемлекеттік акционерлік аэроғарыш компаниясының қызметіне
жәрдемдесетін болсын.

6. Осы Жарлық қол қойылған сәтінен бастап күшіне
енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы. 1994 жылғы 27 қаңтар
N 1520